

Г. С. Имажанова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ІО басқару кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі;

А. Б. Рахметуллаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ІО басқару кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

БОЛАШАҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ БАКАЛАВРЫ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Болашақ құқық қорғау қызметі бакалаврының даярлығын қалыптастыру мәселесінің теория мен оқыту практикасындағы зерттелу деңгейін талдау құқық қорғау қызметі бакалаврының кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысып, астасып жататын құқық қорғау, құқық қорғаушылық, құқық қолданушылық, педагогикалық даярлықтарын біріктіретін көп жақты жүйе болып табылатындығын көрсетті.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесінің төмендегі міндеттері көрсетілген:

– ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

– жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

– азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны — Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

– белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

– оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

– жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білімге негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

– білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету¹.

Осыған орай, біз жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт шегінде көрсетілген 050303 — құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдадық.

Аталған мамандықтың білім беру бағдарламалары жалпы білім беру, базалық білім беру және кәсіптендіру бағдарламалары болып бөлінеді. Осылардың әрқайсысы бойынша білімділік деңгейіне белгілі бір талаптар қойылады.

Мәселен, жалпы білім беру пәндері бойынша білімділікке мемлекеттік стандартта мынадай талаптар қойылған:

Қоғамның даму заңдары мен оның әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық негіздерді сонымен қатар мәдени-тарихи құндылықты, информатика негіздерін, тілдік қатынас туралы білімі және салауатты өмір салтының принциптерін түсіну; Қазақстан Республикасындағы саяси өмір туралы ақпаратты меңгеру.

Осы тәріздес базалық пәндер бойынша білімділік деңгейіне де қойылатын талаптар стандартта көрсетілген: ғылыми-практикалық және әдістемелік білімді терең қамтыған кәсіби қасиеттердің, құқықтану шеңберіндегі тарихи-теоретикалық және ғылым салалары бойынша тәжірибелік іскерліктер пен дағдының қалыптасып болуы; құқық қорғау қызметі шеңберіндегі теориялық және практикалық сипаттағы мәселелерді талдау және шешу

іскерлігі; теориялық негіздер мен сот ісін жүргізу мәселелерінің табысты шешімдері дәлелдер жүйесінің мәні мен тәжірибелік маңызы туралы білімдерді меңгеруі. Ал кәсіптендіру бойынша білімділік деңгейіне мынадай талаптар қойылады: теориялық және эмпирикалық білімді сонымен қатар тәжірибелік, тәжірибелік әрекеттер іскерлігі мен дағдыларын қамтитын кәсіби қасиеттердің қалыптасуы; криминалистика шеңберіндегі теориялық және практикалық сипаттағы заң мәселелерін талдау және шешу іскерлігі; жедел іздестіру қызметі, құқық қорғау органдарының әкімшілік қызметі, қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі сот ісін жүргізу, сот сараптамасы, сотқа дейінгі және сот ісін жүргізудің түрлі кезеңдерінде азаматтардың құқығын қорғау қызметінің механизмі мен ерекшеліктері саласындағы біліктілігінің жоғары болуы. Осы стандарт шеңберінде оқу бітіруші түлектердің білім деңгейіне қойылатын талаптар болады².

Стандарт шегіндегі талаптарға талдау жасау осы стандартта құқық қорғау қызметі бакалаврының педагогикалық қызмет атқаратыны айтыла тұра, оның педагогикалық-тәрбиелік іс-әрекетіне ешқандай талап қойылмағаны көрінді. Ал біз жоғарыда айтып кеткендей, тәрбие іс-әрекеті, тәрбиелеу осы сала қызметкерінің негізгі функциясының бірі болатынын ескерсек, мұның орнын таңдау бойынша компоненттен басқа жерде толтыру мүмкін еместігі байқалды.

Стандарттың мазмұнын талдау нәтижесінде, біздің анықтағанымыз бойынша, құқық қорғау қызметі бакалаврын кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлауға тікелей әсер ететін пәндер қарастырылмаған. Тек «Заңгердің кәсіби этикасы» пәнінде осы мәселеге байланысты кейбір жайттар айтылады. Тереңірек тоқтала кетсек, осы пән шеңберінде мынадай мәселелер қарастырылады:

«Заңгердің кәсіби этикасы» курсының пәні, мәселелері және ерекшеліктері; этика ғылым ретінде; қоғамдық сана формасы ретіндегі адамгершілік; адамгершілік сана, құқық мәдениеті және заңгердің мінез-құлқы; заңгердің кәсіби қызметінде соттық этика кодексі; құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этикасы; қарым-қатынас мәдениеті — заңгердің адамгершілік-этикалық қарым-қатынасының құрамдас бөлігі ретінде; заңгердің қызметтік этикасы мен әдептілігі; құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтармен моральдық даулары, олардың пайда болу түрлері мен шешілуі; заңгердің кәсіби қызметіндегі моральдық таңдау және тәуекелділік мәселелері; заңгерлердің қоғамдық бірлестіктері, олардың кәсіби этиканы қалыптастырудағы рөлі.

Мазмұнынан байқап отырғанымыздай, аталмыш пәннің ауқымында қарастырылатын мәселелер біз көретіп отырған проблеманы толығымен шешуге мүмкіндік бермейді.

Курсты оқыту жүйесі лекцияларда, сонымен бірге аудиторлық семинарлық және практикалық сабақтарда көлемді және оқып білуге күрделі тақырыптарды оқыту көзделеді.

Кәсіптік маңызды проблемалар бойынша өткізілетін семинарлық сабақтардың негізгі мақсаты, тыңдаушының материалды қаншалықты меңгергенін тексеру, лекцияда және программалық материалды, өзіндік дайындық кезінде алынған теориялық білімді тереңдету мен бекіту болып табылады.

Сонымен бірге заң педагогикасының проблемалары мен теориялық күрделі кездеріне баса назар аударатын дәрістер, барлық бағдарламалық материалдың мақсаттарын толық қамтымайды, тек өзіндік дайындыққа бағыттама беретін шолу жасайтынын естен шығармаған жөн.

Бұқаралық қоғамдық сананың шынайы көрінісін дер кезінде ескеру, теориялық ұстанымдарды нақтылау және мамандардың объективті қажеттіліктеріне үнемі көңіл бөліп отыру үшін теория мен тәжірибе арасындағы байланыстың үзілмеуі қажет. Сондықтан біз зерттеу барысында тәрбиелік іс-әрекеттің құқық қорғау қызметкерлерінің тәжірибесінде қандай орын алатынын және кәсіби міндеттерді шешу барысында қалай іске асырылатынын анықтауды жөн көрдік. Мұның өзі бізге құқық қорғау қызметі бакалаврының кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлығының қазіргі жағдайын зерттеуге негіз болды.

Осы айтылғандардың барлығы бізге Ішкі істер министрлігі оқу орындарында болашақ құқық қорғау қызметі бакалаврын кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлау қажеттілігін дәлелдеп берді.

-
- ¹ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2010. — 26 желтоқсан. — б. 3–4.
 - ² Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мамандығы — 050303 — Құқық қорғау қызметі. Ресми басылым. — Астана, 2006.